

ТІЛ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКА  
ЯЗЫК И ЛИНГВИСТИКА  
LANGUAGE AND LINGUISTICS

ҒТАХА 16.21.27

DOI: <https://doi.org/10.62724/202610201>

Абасилов Аман Маделханович\*<sup>1</sup>

Филология ғылымдарының кандидаты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,  
Қызылорда, Қазақстан, [aman\\_abasilov@mail.ru](mailto:aman_abasilov@mail.ru), ORCID ID: 0000-0003-4710-0829

ТІЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК САРАЛАНУЫ: ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ  
БАСТАУЫ МЕН ДАМУЫ

**Аңдатпа.** Бұл мақалада тілдің әлеуметтік саралануы ұғымының қалыптасуы мен дамуы, оның теориялық негіздері мен ғылыми эволюциясы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – тілдің әлеуметтік саралануы туралы ғылыми көзқарастардың қалыптасуын талдау және әлемдік лингвистикадағы теориялық тұжырымдарды саралай отырып, қазақ тіл біліміндегі социолингвистикалық идеялардың даму ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы талдау, ғылыми әдебиеттерді жүйелеу және әлеуметтік лингвистикалық талдау әдістері қолданылды. Мақалада тілдің қоғамдағы қызметі мен әлеуметтік құрылым арасындағы байланыс қарастырылып, тілдің әртүрлі әлеуметтік топтарда, кәсіби ортада, жас ерекшеліктеріне, білім деңгейіне және мәдени-тарихи жағдайларға байланысты әрқалай қолданылуы тілдің әлеуметтік саралануының негізгі көрінісі ретінде сипатталады.

Зерттеуде тілдің әлеуметтік жіктелуі туралы теориялық тұжырымдардың қалыптасуына үлес қосқан И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.Мейе, Э.Сепир, У.Лабов, Л.П.Крысин сияқты шетелдік ғалымдардың еңбектері талданады. Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі әлеуметтік лингвистикалық идеялардың қалыптасуы мен даму кезеңдері қарастырылып, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанұлы және Б.Хасанұлы еңбектеріндегі тілдің әлеуметтік саралануына қатысты ғылыми тұжырымдар сараланады. Зерттеу нәтижесінде тілдің әлеуметтік саралануы қоғамның әлеуметтік құрылымының тілдегі көрінісі екендігі, тілдік өзгерістердің тарихи, мәдени және саяси факторлармен тығыз байланысты екендігі анықталды. Зерттеу нәтижелері қазақ тілінің қазіргі әлеуметтік кеңістіктегі қызметін, оның әртүрлі әлеуметтік топтардағы қолданылуын және жаңа коммуникациялық ортадағы (интернет, әлеуметтік желілер, кәсіби қауымдастықтар) тілдік ерекшеліктерді талдауда қолдануға мүмкіндік береді.

Мақаланың ғылыми құндылығы тілдің әлеуметтік саралануын қазақ тіл білімінің тарихи және қазіргі даму контекстінде кешенді түрде қарастыруымен айқындалады.

**Кілт сөздер.** Әлеуметтік лингвистика, тілдің әлеуметтік саралануы, тілдік вариативтілік, әлеуметтік стратификация, тіл және қоғам, қазақ тіл білімі.

Абасилов Аман Маделханович\*<sup>1</sup>

Кандидат филологических наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата,  
Кызылорда, Казахстан, [aman\\_abasilov@mail.ru](mailto:aman_abasilov@mail.ru), ORCID ID: 0000-0003-4710-0829

СОЦИАЛЬНАЯ ДИФФЕРЕНЦИАЦИЯ ЯЗЫКА: ИСТОКИ И РАЗВИТИЕ  
ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ИДЕЙ

**Аннотация.** В статье рассматриваются формирование и развитие понятия социальной дифференциации языка, его теоретические основы и научная эволюция. Цель исследования – проанализировать становление научных взглядов на социальную дифференциацию языка и, обобщая основные теоретические положения мировой лингвистики, определить особенности развития социолингвистических идей в казахском языкознании. В ходе исследования использованы методы историко-сравнительного анализа, систематизации научной литературы и социолингвистического анализа. В статье рассматривается взаимосвязь между функционированием языка в обществе и социальной структурой, а также показано, что различия в употреблении языка в разных социальных группах, профессиональной среде, в зависимости от возраста, уровня образования, культурных и исторических условий выступают основным проявлением социальной дифференциации языка.

В исследовании анализируются труды зарубежных ученых, внесших значительный вклад в формирование теоретических представлений о социальной стратификации языка: И.А.Бодуэна де Куртенэ, А.Мейе, Э.Сепира, У.Лабова, Л.П.Крысина. Наряду с этим рассматриваются этапы становления и развития социолингвистических идей в казахском языкознании, анализируются научные положения о социальной дифференциации языка в трудах А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанұлы и Б.Хасанұлы. В результате исследования установлено, что социальная дифференциация языка отражает социальную структуру общества, а языковые изменения тесно связаны с историческими, культурными и политическими факторами. Полученные результаты могут быть использованы при изучении функционирования казахского языка в современном социальном пространстве, его употребления в различных социальных группах, а также особенностей языковой коммуникации в новых коммуникативных средах (интернет, социальные сети, профессиональные сообщества).

Научная ценность статьи заключается в комплексном рассмотрении социальной дифференциации языка в историческом и современном контексте развития казахского языкознания.

**Ключевые слова.** Социолингвистика, социальная дифференциация языка, языковая вариативность, социальная стратификация, язык и общество, казахское языкознание.

**Abasilov Aman Madelkhanovich**\*<sup>1</sup>

Candidate of Philological Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan, [aman\\_abasilov@mail.ru](mailto:aman_abasilov@mail.ru), ORCID ID: 0000-0003-4710-0829

## **SOCIAL DIFFERENTIATION OF LANGUAGE: ORIGINS AND DEVELOPMENT OF LINGUISTIC IDEAS**

**Abstract.** This article examines the formation and development of the concept of social differentiation of language, its theoretical foundations, and its scientific evolution. The purpose of the study is to analyze the formation of scholarly views on the social differentiation of language and, by generalizing the main theoretical approaches in world linguistics, to identify the specific features of the development of sociolinguistic ideas in Kazakh linguistics. The research employs methods of historical-comparative analysis, systematization of scientific literature, and sociolinguistic analysis. The article explores the relationship between language functioning in society and social structure, demonstrating that differences in language use among various social groups, professional environments, age groups, educational levels, as well

as cultural and historical conditions represent the main manifestations of the social differentiation of language.

The study analyzes the works of foreign scholars who made significant contributions to the development of theoretical ideas about the social stratification of language, including I.A.Baudouin de Courtenay, A.Meillet, E.Sapir, W.Labov, and L.P.Krysin. In addition, the article examines the stages in the formation and development of sociolinguistic ideas in Kazakh linguistics and analyzes scientific views on the social differentiation of language in the works of A.Baitursynuly, K.Zhubanuly, and B.Khasanuly. The results of the study show that the social differentiation of language reflects the social structure of society, while language changes are closely related to historical, cultural, and political factors. The findings of the research can be applied in studying the functioning of the Kazakh language in the contemporary social space, its use among different social groups, and the characteristics of language communication in new communicative environments such as the Internet, social networks, and professional communities.

The scientific significance of the article lies in the comprehensive consideration of the social differentiation of language within the historical and contemporary context of the development of Kazakh linguistics.

**Key words.** Sociolinguistics, social differentiation of language, linguistic variability, social stratification, language and society, Kazakh linguistics.

**Кіріспе.** Тілдің қоғамда қолданылуы – *табиғи* (бейсаналы) түрде де, *реттелетін* (саналы) жолмен де жүруі мүмкін үдеріс. Табиғи болатыны осы күнгі дамыған қолданыстағы ұлттық тілдерге қарасақ, олардың өз ішінде бір-бірінен айқын ажыратылатын бірнеше өмір сүру формаларының бар екенін көреміз. Олардың көпшілікке танымал түрлеріне ұлттық тілдің әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, диалекті, койне т.б. түрлері жатады. Олар өз ішінен тағы да ішкі кіші жүйелерге бөлініп, тарамдалады. Мысалы, әдеби тілдің ішкі жүйелерін құрайтын стилдерін алатын болсақ, көркем әдебиет стилінде сөз-сөйлемдер ауыспалы мәнде, образды жұмсалады, ал ғылыми стилде сөйленген не айтылған сөз адамның ғылыми ойлау жүйесіне тән ұғым, түсінік, анықтама, терминдер т.б. қамтып, тура мағынадағы сөз, сөйлемдерден құралады. Кеңселік ісқағаздарын жүргізуде, сот ісінде, әкімшілік хат алмасуда ресми іскерлік стильдің мүмкіндіктерін пайдаланса, баспасөзде, телеарна мен радиода хабарлау, үндеу, насихаттау т.б. бұқаралық сипаттағы көсемсөз түрі қолданады. Міне, осылайша бүгінгі заманауи адам қарым-қатынас арнасына байланысты бір тілдік құралдардан екіншісіне, екіншісінен үшіншісіне ауысып отырады.

Тілдің осылайша қолдану ерекшелігін әлеуметтік лингвистика ғылымы «*тілдің әлеуметтік жіктелуі*» және «*тілдің әлеуметтік саралануы*» деп атайды. Бұл әлеуметтік лингвистикалық ұғымдар әлемдік тіл білімінде ХХ ғасырдың басынан бері зерттеліп, тиісті теориялық және практикалық нәтижелерге ие болды. Ал қазақ тіл білімінде бұл мәселе қашаннан бастап қарастырылды, зерттеуші ғалымдардың қандай еңбектері, қандай теориялық тұжырымдар бар екендігі ғылыми ортада әлі де беймәлім күйінде қалып отыр.

Әлемнің кез келген тілдері сияқты қазақ тілінің өзінің өмір сүру аумағындағы және өзінің табиғи тұтынушыларының түрлі жіктері мен топтарындағы қызметі тек ішкі тілдік заңдылықтармен ғана емес, сондай-ақ түрлі сипаттағы сыртқы факторлармен де байланысқан. Осы факторларды зерттеу, олардың тілдік үдерістер мен қатынастарға әсер ету сипатын қарастыру, қазақ тілінің заманауи тіл ретінде қызмет етуінің әлеуметтік шарттылық ерекшелігін (оның бұрынғы даму кезеңдерінен қазіргі айырмашылығын)

анықтау қазақстандық әлеуметтік лингвистиканың өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Тілдің әлеуметтік саралану мәселесінің зерттелуі әлемдік тіл білімінде бұрыннан келе жатқан дәстүрге ие. Оны көбіне И.А.Бодуэн де Куртенэнің «көлденеңнен» алғанда аумақтық және «тігінен» қарастырғанда таза әлеуметтік саралануы деген тіл бөлінісі туралы тезисінен басталады дейді. Ғалым тілдің жіктелуін екі ось бойынша қарастыру идеясын өзінің «О смешанном характере всех языков» (1901) атты еңбегінде және Қазан лингвистикалық мектебінің дәрістерінде негіздеген [1].

Бұл мәселеге XX ғасырдың басында Француз әлеуметтану мектебінің танымал өкілі А.Мейе, америкалық социолінгвисттер Э.Сепир, У.Лабов, Ж.Вандриес (Бельгия), В.Мацзиус пен Б.Гавранек (Чехословакия), Дж.Ферс (Англия) және басқалар назар аударды. Осы мәселені зерттеуге ресейлік тіл мамандары – В.М.Жирмунский, Е.Д.Поливанов, Л.П.Крысин және басқалар айтарлықтай үлес қосты. Нәтижесінде түрлі тілдер (ағылшын, француз, неміс, орыс т.б.) материалдары бойынша көптеген еңбектер жазылды [2, 92].

Қазақ тіл біліміндегі осы аталған әлеуметтік лингвистикалық мәселелер бойынша алғашқы пікірлерді XX ғасырдағы қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялыларының еңбектерінен кездестіруге болады. Одан кейін бұл мәселелер Кеңестік заманда Қ.Жұбанұлынан бастап Б.Хасанұлы, А.Е.Карлинский, Э.Д.Сүлейменова, З.К.Ахметжанова, Н.Ж.Шаймерденова, А.М.Абасилов, А.Баймырза т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып, сол арқылы Қазақстандағы әлеуметтік лингвистиканың дамуы қарқын ала бастады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Зерттеу жұмысының материалдары ретінде тілдің әлеуметтік саралануы мәселесіне арналған әлемдік және қазақ тіл біліміндегі ғылыми еңбектер пайдаланылды. Атап айтқанда әлеуметтік лингвистика саласының қалыптасуына негіз болған И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.Мейе, Э.Сепир, У.Лабов, Л.П.Крысин сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі тілдің әлеуметтік жіктелуі мен вариативтілігі туралы теориялық тұжырымдар қарастырылды. Сонымен қатар қазақ тіл біліміндегі әлеуметтік лингвистикалық идеялардың дамуын көрсету мақсатында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанұлы, Б.Хасанұлы және басқа да қазақстандық зерттеушілердің еңбектері талдау нысаны ретінде алынды. Зерттеу барысында тілдің әлеуметтік саралануы мәселесіне қатысты ғылыми мақалалар, монографиялар, оқу құралдары мен тарихи-лингвистикалық деректер пайдаланылды.

Зерттеуде бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Ең алдымен, теориялық талдау әдісі арқылы тілдің әлеуметтік саралануы туралы ғылыми еңбектердегі негізгі тұжырымдар мен концепциялар сараланып, олардың мазмұны мен ғылыми маңызы анықталды. Тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде әлеуметтік лингвистикалық идеялардың қалыптасуы мен дамуы әр кезеңдегі ғылыми көзқарастар тұрғысынан қарастырылып, олардың өзара сабақтастығы айқындалды. Сонымен қатар сипаттамалық (дескриптивтік) әдіс арқылы тілдің әлеуметтік саралануының негізгі түрлері мен олардың қоғамдағы қызметі сипатталды.

Зерттеу барысында жүйелеу және жинақтау әдістері де қолданылып, әлемдік және қазақ тіл біліміндегі социолінгвистикалық көзқарастар бір жүйеге түсірілді. Осы әдістердің көмегімен тілдің әлеуметтік саралануы туралы ғылыми ойлардың эволюциясы, олардың теориялық негіздері және қазақ тіл біліміндегі көрінісі кешенді түрде талданды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** «Тілдің әлеуметтік жіктелуі» деген ұғым өз бастауын әлеуметтану ғылымындағы «*әлеуметтік стратификация*» дейтін теориядан алады. «*Стратта*» деген – геология термині, ол жердің құрылымындағы

қабаттарды анықтауға байланысты қолданылса, әлеуметтануда қоғамның құрылымын, әлеуметтік жіктерін анықтау мен топтауда пайдаланылады. Ал әлеуметтік лингвистикада қоғамдағы топтар мен жіктердің қолданысындағы тілдік ерекшеліктерге қатысты айтылады [3].

Ал қоғамның әлеуметтік құрылымының тіліндегі көрінісі *тілдің әлеуметтік саралануы* деп аталады. Айталық қоғамда әрбір сөйлеуші адам жасына, туған жеріне, тәрбиесіне, біліміне, әлеуметтік және кәсіби ерекшеліктеріне, жынысына қарай т.б. жіктеледі. Соған сай тіл де таңдалып, талғанып, қолданылады, сараланады. «*Тілдің әлеуметтік саралануы*» дегеніміз – әртүрлі әлеуметтік немесе аумақтық жағдайлардың нәтижесінде тілдік әртүрліліктің пайда болу үдерісі. Ол жоғарыда айтып өткендей, алдымен лексикадан, одан соң тілдің барлық құрылымынан байқалады.

Тілдің саралана өмір сүруі қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтарға қызмет ететін арнайы функционалды-коммуникативті жүйелерінің дамуынан айқын көрінеді. Бұл тілдің аумақтық және әлеуметтік диалектілерге, әдеби тіл және ауызекі сөйлеу тілі, койне, пиджин, креоль, жаргон мен арго секілді көптеген өмір сүру формаларының шығуына, бөлектене дамуына әкеледі. Осы барлық формалар адамзат қоғамының тарихи даму кезеңдеріне және белгілі бір тілдің өмір сүруінің әлеуметтік-тарихи жағдайларына қарай әрқалай түрленеді. Бұлар өздерінің қоғамда қызмет ету аясымен, ішкі құрылымдық дамумен, әмбебаптығымен өзгешеленеді.

Тілдің әлеуметтік саралануы (дифференциациясы) туралы ілімге *И.А.Бодуэн де Куртенэнің* қосқан үлесі зор. Ол тілді тек дерексіз жүйе емес, әлеуметтік құбылыс және жанды процесс ретінде қарастырды. Жоғарыда айтқанымыздай ғалым тілдік айырмашылықтардың екі түрін ажыратты: 1) көлденең (горизонталь) жіктелу, ол географиялық кеңістікке байланысты (диалектілер, говорлар); 2) тігінен (вертикаль) жіктелу, ол қоғамның әлеуметтік құрылымына байланысты (әлеуметтік топтар, таптар, кәсіби орта, жас ерекшеліктері). Бодуэн де Куртенэ тіл тек жеке адамның санасында ғана емес, адамдар арасындағы қарым-қатынас процесінде, яғни әлеуметтік ортада өмір сүреді деп есептеді. Ол тілдің дамуы мен өзгеруіне сыртқы әлеуметтік жағдайлардың (миграция, әлеуметтік араласу, саяси жағдай) тікелей әсер ететінін алғашқылардың бірі болып ғылыми негіздеді [4].

Француз әлеуметтік лингвистика мектебінің негізін салушылардың бірі *Антуан Мейе* тілді жеке адамның психикалық құбылысы емес, ұжымдық сананың өнімі және «әлеуметтік институт» деп қарастырды. Ол тілдің дамуын қоғамның дамуымен тікелей байланыстырды. Қоғам жіктелген сайын (кәсіби, таптық, діни топтарға бөліну), тіл де солай сараланады (дифференциация). Ал қоғам біріккенде, тіл де бірыңғайланады (интеграция) [5].

Америкалық этнолингвистика мен антропологиялық лингвистиканың негізін салушылардың бірі *Эдвард Сепирдің* тілдің әлеуметтік саралануына қатысты көзқарастары тіл, мәдениет және тұлғаның өзара байланысына негізделген. Ол тілдің біртекті еместігін, оның әлеуметтік топтарға, жынысқа, жас ерекшелігіне және кәсіпке байланысты сараланатынын атап көрсетті. Сепир әлеуметтік ортаның тілдік қолданысқа (диалектілер, жаргондар) қалай әсер ететінін зерттеді. Ол тілдің өзгерісін «дрейф» (баяу ығу) деп атады және бұл процесс белгілі бір әлеуметтік-мәдени бағытта жүретінін, яғни қоғамның ішкі дамуымен үндесетінін айтты [6, 223-230].

Қазіргі заманауи социолінгвистиканың («сандық немесе вариациялық социолінгвистика») негізін салушы *Уильям Лабов* – тілдің әлеуметтік саралануын алғаш рет математикалық және статистикалық әдістермен дәлелдеген ғалым. Ол тілдің біртекті еместігін және оның өзгергіштігі кездейсоқ емес екенін дәлелдеді. Тілдік нұсқалар (варианттар) адамның әлеуметтік мәртебесіне, жынысына, жасына және сөйлеу

жағдайына (стиліне) тікелей тәуелді екенін айтады. Өзінің Нью-Йорк дүкендерінде жүргізген әйгілі зерттеуі арқылы дыбыстардың айтылуы (мысалы, "г" дыбысы) адамның қай әлеуметтік тапқа (жоғары, орта, төмен) жататынын көрсететін «әлеуметтік маркер» екенін анықтады. Сөйтіп тілдік жаңалықтар тек жоғары таптан емес, көбіне орта немесе төменгі әлеуметтік топтардан басталып, бүкіл тілге таралуы мүмкін екенін негіздеді [7].

Қазіргі заманғы әлеуметтік лингвистиканың ірі өкілі, тілдің әлеуметтік вариативтілігі мен норма мәселелерін зерттеуші *Л.П.Крысин* тілдік бірліктердің қолданылуын сөйлеушінің әлеуметтік сипаттамаларымен (жасы, білімі, мамандығы, әлеуметтік мәртебесі) тікелей байланыстырады. Ол тілдік норманың тек қағаз жүзіндегі ереже емес, белгілі бір әлеуметтік ортада қабылданған сөйлеу үлгісі екенін көрсетті. Тілдегі кірме сөздердің таралуын тек лексикалық қажеттілікпен емес, сөйлеушінің «заманауи», «білімді» көрінуге тырысқан әлеуметтік-психологиялық ұстанымымен түсіндірді [8].

Ал бұл мәселенің қазақ тіл білімінде қарастырылуы қандай деңгейде? Қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік саралануы жеткілікті зерттелген деп санауға бола ма? Қазақ тілінің әдеби тілі, ауызекі сөйлеу тілі, диалектілік ерекшеліктері, қала тілі, жаргондар мен арголар, сленгтер, ерлер мен әйелдер тілі, қазақ тілінің қазіргі интернет тілі, әлеуметтік желі тілі ретіндегі қызметі, кәсіби тіл түрлері, қазақ тілінің қазіргі жағдайдағы әртүрлі мүдделер ортақтығы, хобби бойынша біріккен адамдар тобының тілдік ерекшеліктері жөнінде қандай зерттеулер бар?

Соңғы уақытқа дейін бұл сұрақтар шеңбері негізінен тілдік құралдарды қолдану аспектісінде зерттелген сияқты. Ал қазақ тілінің күнделікті өмірде қолданылуы сөйлеушілердің жасына, олардың білім деңгейіне, қоныстану аумағына, кәсібіне және басқа да сипаттамаларына байланысты зерттелді ме? Зерттелсе, мұндай зерттеулер әдеби тіл құралдарын қолданудың әлеуметтік жағдайы туралы жалпы түсінікті ғана береді. Қазақ тілі тек әдеби тілде ғана емес, ол ана тілінде сөйлейтіндердің нақты топтарында: отбасында, мектеп сыныбында, достар, құрдастар және т.б. компанияларда қалай қолданылады деген сұраққа жауап бермейді. Әрбір осындай ұжым қоғамның өзіндік әлеуметтік тобы болғандықтан, олардағы тілді қолдану мен тілдік қарым-қатынас үлгілері әр алуан, өзінше ерекше болады. Жоғарыдай айтып өткеніміздей, адамның отбасы мүшесі ретіндегі сөз саптауы оның әріптес ретінде сөйлеу мәнерінен өзгеше болады.

Әрине, бұл бағытта Қазақстанда ештеңе жасалмайды деп айтуға болмас. Аталған әлеуметтік лингвистикалық мәселелер бойынша жоғарыда айтып өткеніміздей кеңестік кезеңге дейін де, кеңестік заманда да, кейінгі тәуелсіздік алғаннан бері де үлкенді-кішілі зерттеулер жүргізіліп келеді. Осы зерттеулердің ішінен біз мақала көлеміне шақтап өткен ғасырдағы қазақ тіл білімінің негізін салушы Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының, кәсіби лингвист профессор Қ.Жұбановтың және қазіргі қазақстандық әлеуметтік лингвистиканың негізін қалаушы Б.Хасанұлының еңбектеріне талдау жасау арқылы қарастырамыз. Біздіңше бұлар қазақ тілі дамуының әлеуметтік лингвистикалық ахуалын көрсететін үш кезеңнің өкілдері әрі зерттеушілері болып табылады.

Тілдің саралануы мәселесі жоғарыда айтылғандай әлемдік тіл біліміндегідей қазақ тіл білімінде де сол өткен ғасырдың басынан бастап қарастырылып, оның өзіндік себептері мен ішкі, сыртқы факторлары айқындалып, зерттелді. Мәселенің қазақ тілі материалы негізінде сөз болу жағынан алсақ, ол *А.Байтұрсынұлы* еңбектерінде жоғарыда айтылған ғалымдардан мерзімі жағынан бірдей мерзімде қарастырғанын көруге болады. Дәлірек айтсақ, бұл А.Байтұрсынұлының 1913 жылы Шора журналының №4 санында жарияланған «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласында баяндалады. Ұлт ұстазы осы мақаласында бүгінгі қолданысымыздағы «тілдің саралануы» дегенді

«тілдің басқалануы» деп атайды. «Бұл күндері адамдардың сөйлейтін тілдерінің түбі мұнарланған сағымдай алысқа барып жоғалады. Қанша қадалып қарасақ та, көзіміз оған жетпейді. Қай тілдің де болса қайдан шығып, қалай ғұмыр шеккенін ешкім анық білмейді. Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жолы жылдап немесе жүз жылдап емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзын ғұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып, өзгермеген тіл жоқ: я азып өзгерілген, я асып өзгерілген, ел бұтақтап өскен сайын, тіл де бұтақтаған» [9, 395], - деп тілдің басқалануын (саралануын) қоғам, ел дамуымен байланыстырады.

Одан әрі қарай тіл білгірі тілдің басқалануына мысалды әріден, түркі тілдерінің даму тарихынан алып түсіндіреді: «Біздің түркі тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң ел бұтақтап, өскенде, тіл де бұтақтаған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әртүрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандықтан. Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әртүрлі халықпен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінің түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған...» [9, 395]. Одан әрі ол тілдің саралануының негізгі себептері деп төмендегідей жайттарды көрсетеді: 1) халықтардың өзара қарым-қатынаста болуы; 2) тілдердің араласуы, яғни бір тілге екінші тілдің сөздері мен жат дыбыстарының енуі; 3) өзге тіл жазуының әсері.

Ал тілдің саралануына жол беретін өзі көрсеткен жоғарыдағы факторлардың қазақ тілінде сол заманда болмағандықтан қазақ тілі өз табиғатын сақтап, таза күйін бұзбай, асыл тіл күйінде қалған. «Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жайылмаған түрік баласы – қазақ. Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тілі өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ; қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Токсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ақ...» [9, 395].

Бұл қазақ тілінің ХХ ғасырдың басындағы жағдайын көрсетеді. Сол кезеңде қазақ қоғамында әртүрлі әлеуметтік институттар қалыптасып, олардың өзара байланысы тұрақты жүйеге айналды. Атап айтқанда, шаруашылықты басқару мен ұйымдастыруды жүзеге асыратын экономикалық институттар, қоғамды билеу және басқаруға жауапты саяси құрылымдар, ғылым мен білімнің, өнердің дамуына ықпал ететін рухани салалар және моральдық құндылықтарды сақтауға бағытталған институттар қоғамның өмірін реттеді. Сонымен бірге отбасы институты да қоғамдағы бірлесіп өмір сүрудің тұрақты формаларын нығайтты. Осы әлеуметтік құрылымдардың арқасында адамдар арасындағы қатынастар белгілі бір тәртіп пен нормаларға бағынды, мінез-құлық пен іс-әрекет стандартқа келтірілді, бұл тұтас қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етті.

Қазақ тілі де осы процеске өз үлесін қосты: ол қоғамның тұтастығын сақтап, халықты біріктірді, сөйлеушілердің басын қосып, біртекті мәдениет қалыптастыруға қызмет етті. Қазақ тілінің біртұтастығы мен қоғамды біріктірудегі рөлін кәсіби лингвистика негізін қалаушы, профессор Қ.Жұбанұлы былай сипаттайды: қазақ тілінің өңкейлілігі мен біртектілігі өте сирек кездесетін құбылыс. Тіпті бірнеше миллиондық халықты қамтитын кең даланың ішінде тілдің тұтастығы таң қалдырады. Кішірек тілдерде диалектілердің көп болуы оларды біріктіруде қиындық туғызса, қазақ тілінде мұндай проблемалар болмаған. Қ.Жұбанұлы мұны тұрмыстық тығыз қатынастың

нәтижесі деп түсіндіреді, ал Ресей билігіне қарамастан бұл байланыс әлсірегеннен кейін қоғамның бірлігі мен мәдениеттің тұтастығы кейбір деңгейде бұзылғанын атап көрсетеді. Қазіргі қолданыстағы тілдің әркелкілігі мен саралануын ол «тілдің жарықшақтануы» деп сипаттайды [10, 439].

Бір тілде сөйлейтін адамдардың арасына жік түсіп, сол тілдің екінші бір өмір сүру формасына ауысуы не өзге тілдің ықпалына түсуі қоғамдағы мәдени және саяси өзгерістердің болуына тығыз байланысты. Бұған әсіресе мәдениеттің ықпалы өте зор. Қазіргі заманғы мәдениет, – дейді А.Байтұрсынұлы, – бұл бір ұлттың немесе нәсілдің қалыптастырғаны емес, бүкіл адамзаттың ұмтылыстары мен дағдыларының жиынтық нәтижесі. Мәдениетте, әр ұлттың өзіндік туындыларынан басқа, кірмелік бар және олардың мәдениеттерінің араласуына достық және дұшпандық жағынан ерекшеленетін қатынастар әсер етеді. Кірмелік бір ұлтты екінші ұлттың бағындыру кезінде де, бір-бірімен бейбіт жолмен қатынасу кезінде де болады. Мұндайда діннің, әдет-ғұрыптың, моральдың, қоғамдық ұйымның, бейімділіктің, инстинкттердің, психологияның және т. б. ұқсас формалары кірмелік пен мәдениеттердің араласу үдерісін жеңілдетеді [9, 419-420].

Мұнда біздің мәдениетті жағымды мағынада ғана ұғынып, оның тек оң ықпалына назар аударып, кесірі тиетіндігіне көңіл бөлмейтініміз ескертілген. Осы пікірді профессор Қ.Жұбанұлы жалғастырып: «Қазақты патша үкіметі билегеннен қаншама зиян келгенін зерттеген бізде адам жоқ. Бұл жөнінде сөз қылған адам не пайда келгенін немесе пайда бермегенін ғана қараумен жүр», - деген ой айтады. Бұл осы күні де арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселе болып отыр.

Қ.Жұбанұлының 1935 жылдың 20 қарашасында Қазақ әдебиеті газетінің №31 (61) санында жариялаған «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» атты мақаласында Қазақ елінің басын біріктіріп, 500 жылдай ыдыратпай ұстаған жағдайлардың нәтижесінде қазақ мәдениетінің, соның ішінде қазақ тілінің бірігуі, тұтасуы, өзінше өркендеуі пайда болғанын айтады. Бұл қысқартып айтқанда мыналар еді:

1. Бірыңғай мал шаруашылығымен айналысып, шеттегі жаудан мал-жанын бірігіп қорғаудан әрбір жеке адамның бас пайдасы мен қоғам пайдасының ұштасып отыруы, осыдан қоғамның жалпы мұңын ойлай алатын азаматтық санасы мен саяси белсенділігінің күшті болуы.

2. Көшпелі мал шаруашылығы мен жер-мүлкінің ортақтығы адамды бір орынға байламай, бір-бірімен араласуына толық мүмкіндік беруі.

3. Бір ру мен екінші рудың қонысқа т.б. таласуы, үздіксіз жауласуы, әр жауласудың нәтижесінде үздіксіз қайта араласып жарасуы, осының негізіндегі қарым-қатынастың нығайуы [10, 440]. Ал бұлардың барлығы – қазақ қоғамындағы жоғарыда сөз еткен экономикалық институттың, саяси институттың, рухани саланың институттарының және отбасы институтының өз қызметтерін мүлтіксіз атқаруы еді. Ол институттардың қызметіне, яғни көпшілікті дегеніне жүргізу, соғысқа, бітімге, қоныс менгеруге көндіруде қуатты құрал қазақ тілі қызмет етті.

Сол мақаласында: «Ресейге қарағаннан бері бұл жағдай жоғалды, – дей келіп Қ.Жұбанұлы, – Шет жаудан қорғау міндеті де, ішкі көпшілікті дегенге көндіру міндеті де үкімет қолына көшті. Бұрын мал бағып, малы мен басын қорғауға қоғам болып, қоғам санасы бар қазақ енді тек малшы болды. Өз малы мен өз басының қамынан басқа оған ойлайтын нәрсе қалған жоқ. Сөйтіп, азаматтық санасы кеміді. Қоғам организмінен шет пұшпағы, ел қолына тигені – ауылнай, болыс қол асты. Сондықтан соңғы 40-50 жылда қазақтың үстем табының ісі де, ермегі де осы ауылнайлық пен болыстық болды. Жер пайдалану жолының жаңа түрі ауылда крепостнойлыққа ұқсас қатынас тудырды, бұл жұртты одан жаман деморальдандырды, – деп тұжырымдайды [10, 441].

Осының салдарынан қазақтың жері кесіліп, көш жолы үзілді, әр ру, әр ауыл жерге орнығып, қарым-қатынасын тоқтатты, әртүрлі жағдайда күнкөріс жасап, қалыптасқан мәдениет бірлігі мен тіл тұтастығынан айырыла бастады. Қ.Жұбанұлы: «Қазақ тілінің диалектілері дейтіміздің бірқатары, міне, осы дәуірде, осы ыдыраудың нәтижесінде туды», – дейді. Міне, бұл қазақ тілінің аумақтық саралануының көрінісі еді.

30-жылдардың аяғында кеңестік тіл біліміндегі (шын мәнінде орыс тіл біліміндегі) әлеуметтік лингвистикалық мәселелерге деген қызығушылық бәсеңдейді. Ал 50-жылдардың аяғы мен 60-жылдардың басында пайда болған қайта қызығушылық басқа арнада, өзгеше бағдардағы әлеуметтік лингвистикалық зерттеулермен сипатталды. Мұнда КСРО сияқты көпұлтты мемлекетке тән қостілділік және көптілділік үдерістері басты назарға алынды. Осыған байланысты макросоциолінгвистикалық мәселелер, яғни бір немесе бірнеше тіл қызмет ететін үлкен әлеуметтік қауымдастықтарды зерттеу басымдықта болды да, «микроқауымдастықтардағы» (отбасы, шаруашылық және өндіріс топтары және т.б.) тілдік және коммуникациялық үдерістер зерттелмеді.

Кең ауқымды зерттеулерде (макросоциолінгвистикалық мәселелер) орыс тілі Кеңес халқының тілі ретінде, сондай-ақ ұлттаралық қарым-қатынас құралы ретінде белсенді насихатталып, жан-жақты зерттелді. Ал одаққа кірген басқа республикалардың тілдері, соның ішінде қазақ тілі, құрылымдық аспектілерінен қаралғанымен, оның қоғамдық қызметі, әлеуметтік ортадағы қолданылуы және тілдік құралдардың өзгеру заңдылықтары, сондай-ақ лингвистикалық, психологиялық, әлеуметтік және ұлттық факторлардың әсері жеткілікті зерттелмеді.

Қазақ әлеуметтік лингвистикасының негізін қалаушы, профессор Б.Хасанұлы осы жағдайды былай сипаттайды: «Кеңес одағы халықтарының тілдері лениндік тіл саясаты негізінде дамыды. Отызыншы жылдардың екінші жартысына дейін бұл принциптер сақталып, ұлттық тілдер даму жолында болды. Соңғы елу жылда да белгілі бір нәтижелер болды, алайда әлеуметтік қажеттілік толық қанағаттандырылмады. 50-жылдардың екінші жартысынан 1987 жылғы наурыз аралығына дейін республикалардағы ұлт тілдерінің қоғамдық қызметі тарылып, олардың беделі төмендеді, ал орыс тілінен өзге тілдерді дамытуға тырысу кейде ұлтшылдықпен теңестірілді» [11, 17].

Профессор Хасанұлы қазақ тілінің қоғамдық қызметінің тежелуіне әсер еткен басты факторларды атап көрсетеді:

1. ұйымдастырылған көпұлттылық жағдайы;
2. қазақтың өз жерінде азшылықта қалуы;
3. қазақ тіліне мемлекеттік қолдаудың жоқтығы;
4. ұлттардың қосылуы (слияние), кірігу теориясының насихатталуы.

Осындай сан алуан жағдайлар мен тілдік тоқыраулар қазақ тілінің қоғамдық қызметінің төмендеуіне, екінші дәрежелі тілге айналуына және өз сөйлеушілері үшін «қолдан тасталған тілге» айналуына әкелді. Нәтижесінде қазақ қоғамында **қазақтілділер мен орыстілділер** деген жаңа әлеуметтік жіктелу пайда болды [11, 17].

Лингвистика, сыни педагогика және мультикультурализм саласындағы көрнекті ғалым, Бостон университетінің (UMass Boston) құрметті профессоры Дональдо Македоның «Шет тілдерін оқытуды отарсыздандыру» (Decolonizing Foreign Language Education) деген еңбегіндегі «субтрактивті билингвизм» концепциясы қазақ тілінің кеңестік заманда негізгі өмір салаларынынан шеттетіліліп, екінші сортты тілге айналу мәселелерін талдауға негіз болады [12]. Македоның анықтамасы бойынша, субтрактивті билингвизм – бұл екінші тілді (отарлаушы немесе доминантты тілді) үйрету барысында оқушының ана тілінің рөлін төмендету, оны қолданыстан ысыру немесе мүлдем жою. Кеңестік заманда қазақ мектептеріндегі орыс тілін оқыту әдістемесі осы модельге негізделді. Қазақтарға орыс тілін үйреткенде қазақ тілі «ғылым тілі» емес, ол

«тұрмыстық деңгейдегі көмекші құрал» ретінде қабылданды. Нәтижесінде оқушы жаңа терминдерді, академиялық ұғымдарды тек орыс тілінде меңгеріп, өз ана тілінің когнитивтік қызметінен ажырады. Қазіргі күнде де Қазақстандағы кейбір «элитарлы» мектептердегі (халықаралық бағдарламалар) тек ағылшын немесе орыстілді орта қалыптастыру талабы – Македо айтқан педагогикалық шеттетудің айқын көрінісі. Бұл оқушыны өз ұлттық болмысынан жатсынуға итермелейді.

Сонымен біз мақаламызға арқау болған тілдің әлеуметтік саралануы мәселесін әр дәуір мен ғылыми мектеп өкілдерінің көзқарасы тұрғысынан қарастырдық. Мұнда бұл идеяның дамуы төрт негізгі эволюциялық кезеңнен тұратынын байқауға болады: теориялық бастау (еуропалық бағыт) → функционалды-әлеуметтік талдау ( XX ғ. басы) → эмпирикалық зерттеу (Лабов кезеңі) → ұлттық контексте (қазақ тіл білімінде). Шетелдік ғалымдардың барлығы тілді таза жүйелік құрылым болумен қатар қоғамдық қатынастың көрінісі екенін көрсетеді. Тілдің саралануы – қоғам құрылымының бейнесі. Ондағы әлеуметтік фактор тілдік процестің қозғаушы күші болып табылады. Қазақ ғалымдары тілдің саралануын – тілдік өзгеріс: ұлттың мәдени, саяси және рухани тағдырының айнасы ретінде қарастырды. Мысалы, А.Байтұрсынұлы үшін тілдің басқалануы – табиғи-тарихи процесс болса, Қ.Жұбанұлы үшін – қазақ қоғамының отарлау салдарынан әлеуметтік ыдыраудың салдары. Ал Б.Хасанұлы үшін – отарлық саясаттың нәтижесі. Осылардан шығатын негізгі түйін: тілдің әлеуметтік саралануы туралы ілімнің эволюциясы – адамның әлеуметтік табиғатын танудан басталып, ұлттың мәдени болмысын сақтау мәселесіне дейін өрлеген үздіксіз ғылыми және рухани сабақтастықтың дәлелі болып табылады.

**Қорытынды.** Тілдің әлеуметтік саралануы – тілдің қоғаммен тығыз байланыста дамитынын көрсететін маңызды лингвистикалық құбылыс. Бұл үдеріс қоғамдағы әлеуметтік, мәдени, тарихи және саяси өзгерістермен тікелей байланысты болып, тілдің түрлі формаларының (әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, диалектілер, кәсіби тіл, жаргондар және т.б.) қалыптасуына негіз болады. Әлемдік тіл білімінде бұл мәселе XX ғасырдың басынан бастап жүйелі түрде зерттеліп, И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.Мейе, Э.Сепир, У.Лабов, Л.П.Крысин сияқты ғалымдардың еңбектерінде тілдің әлеуметтік табиғаты, оның қоғам құрылымымен байланысы және тілдік вариативтілік мәселелері ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

Қазақ тіл білімінде тілдің әлеуметтік саралануы туралы идеялар XX ғасырдың басындағы А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Ол тілдің «басқалануы» ұғымын енгізіп, оның тарихи және әлеуметтік себептерін көрсеткен. Кейін Қ.Жұбанұлы тілдің «жарықшақтануы» мәселесін қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси өзгерістермен байланыстыра түсіндірді. Ал Б.Хасанұлы кеңестік кезеңдегі тіл саясатының әсерін талдай отырып, қазақ тілінің қоғамдық қызметінің тарылуы мен тілдік жіктелудің жаңа түрлерінің пайда болуын көрсетеді. Осылайша қазақ тіл білімінде тілдің әлеуметтік саралануы ұлттық тарихпен, қоғам дамуының ерекшеліктерімен тығыз байланыста қарастырылды.

Жалпы алғанда, тілдің әлеуметтік саралануы туралы ілімнің қалыптасуы мен дамуы бірнеше кезеңдерден өткенін байқауға болады: теориялық негіздердің қалыптасуы, әлеуметтік-функционалды талдау кезеңі, эмпирикалық социолінгвистикалық зерттеулердің дамуы және ұлттық ғылыми мектептердегі зерттеулер. Бұл бағыттағы зерттеулер тілдің тек құрылымдық жүйе ғана емес, сонымен бірге қоғам өмірінің айнасы екенін дәлелдейді. Сондықтан қазақ тілінің қазіргі әлеуметтік қызметін, оның түрлі әлеуметтік топтардағы қолданылуын, жаңа коммуникациялық кеңістіктегі (интернет, әлеуметтік желілер, кәсіби орта)

ерекшеліктерін зерттеу – қазіргі қазақстандық социолінгвистиканың маңызды әрі өзекті міндеттерінің бірі болып қала береді.

*Мақала 2025-2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP26103505).*

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бодуэн де Куртенэ, И. А. О смешанном характере всех языков (1901) [Текст] / И. А. Бодуэн де Куртенэ // Избранные труды. – Т. 1. – С. 362–372.
- 2 Беликов, В. И. Социолінгвистика [Текст] / В. И. Беликов, Л. П. Крысин. – Москва, 2001.
- 3 Жүсіпова, А. Д. Әлеуметтану негіздері [Текст] / А. Д. Жүсіпова, А. И. Икенов. – Алматы, 2004.
- 4 Бодуэн де Куртенэ, И. А. Избранные труды по общему языкознанию: в 2 т. [Текст] / И. А. Бодуэн де Куртенэ. – М.: Издательство Академии наук СССР, 1963. – Т. 1. – С. 362.
- 5 Meillet, A. Linguistique historique et linguistique générale [Text] / A. Meillet. – Paris: Champion, 1921. – pp. 16–17.
- 6 Сепир, Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии [Текст] / Э. Сепир; пер. с англ. – М.: Прогресс, 1993. – 656 с.
- 7 Labov, W. Sociolinguistic Patterns [Text] / W. Labov. – Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 1972. – 344 p.
- 8 Крысин, Л. П. Социолінгвистика: учебник для вузов [Текст] / Л. П. Крысин. – Москва: Академия, 2006.
- 9 Байтұрсынұлы, А. Қазақша сөз жазушыларға [Текст] / А. Байтұрсынұлы // Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 10 Жұбанұлы, Қ. Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі [Текст] / Қ. Жұбанұлы // Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / құраст. Ғ. Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.
- 11 Хасанұлы, Б. Ана тілі – ата мұра (қазақ тілінің жер жүзі тілдері жүйесіндегі алатын орны) [Текст] / Б. Хасанұлы. – Алматы: Жазушы, 1992. – 272 б.
- 12 Macedo, D. Decolonizing Foreign Language Education: The Misteaching of English and Other Colonial Languages [Text] / D. Macedo. – New York: Routledge, 2019. – 324 p.

### REFERENCES

- 1 Boduen de Kurtene, I. A. O smeshannom kharaktere vsekh yazykov (1901) [On the Mixed Character of All Languages] [Tekst] / I. A. Boduen de Kurtene // Izbrannyye trudy. – T. 1. – S. 362–372. – (In Rus)
- 2 Belikov, V. I., Krysin, L. P. Sociolingvistika [Sociolinguistics] [Tekst] / V. I. Belikov, L. P. Krysin. – Moskva, 2001. – (In Rus)
- 3 Zhusipova, A. D., Ikenov, A. I. Aleumettanu negizderi [Foundations of Sociology] [Tekst] / A. D. Zhusipova, A. I. Ikenov. – Almaty, 2004. – (In Kaz)
- 4 Boduen de Kurtene, I. A. Izbrannyye trudy po obshchemu yazykoznaniiyu: v 2 t. [Selected Works on General Linguistics: in 2 vols.] [Tekst] / I. A. Boduen de Kurtene. – M.: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR, 1963. – T. 1. – S. 362. – (In Rus)

---

5 Meillet, A. Linguistique historique et linguistique générale [Text] / A. Meillet. – Paris: Champion, 1921. – pp. 16–17.

6 Sepir, E. Izbrannye trudy po yazykoznaniyu i kul'turologii [Selected Works on Linguistics and Cultural Studies] [Tekst] / E. Sepir; per. s angl. – M.: Progress, 1993. – 656 s. – (In Rus)

7 Labov, W. Sociolinguistic Patterns [Text] / W. Labov. – Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 1972. – 344 p.

8 Krysin, L. P. Sociolingvistika: uchebnik dlya vuzov [Sociolinguistics: Textbook for Universities] [Tekst] / L. P. Krysin. – Moskva: Akademiya, 2006. – (In Rus)

9 Baitursynuly, A. Kazaksha soz zhazushylarga [To Those Writing in Kazakh] [Tekst] / A. Baitursynuly // Baitursynuly A. Til tagylymy (kazakh tili men oku-agartuga katysty enbekteri) [Language Studies (Works Related to the Kazakh Language and Education)]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 448 b. – (In Kaz)

10 Zhubanuly, K. Tonkeris zhane kazakhtyn ult tili [Revolution and the Kazakh National Language] [Tekst] / K. Zhubanuly // Zhubanuly K. Kazakh til biliminin maseleleri [Issues of Kazakh Linguistics] / kurast. G. Anes. – Almaty: Abzal-Ai, 2013. – 640 b. – (In Kaz)

11 Khasanuly, B. Ana tili – ata myra (kazakh tilinin zher zyuzi tilderi zhyiesindegi alatyn orny) [Native Language as Ancestral Heritage (The Place of the Kazakh Language in the World Language System)] [Tekst] / B. Khasanuly. – Almaty: Zhazushy, 1992. – 272 b. – (In Kaz)

12 Macedo, D. Decolonizing Foreign Language Education: The Misteaching of English and Other Colonial Languages [Text] / D. Macedo. – New York: Routledge, 2019. – 324 p.